ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 13 қыркүйек №7119-23-00-2/9775 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «IBI» басшысы Шәмшидін Айбар

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі" мемлекеттік мекемесінің жауапкер ЖК «IBI» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы арызын қарап -қанағаттандырылсын.

Шәмшидін Айбар «IBI» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Шәмшидін Айбар «IBI» ЖК мемлекет кірісіне 4 865 (төрт мың сегіз жүз алпыс бес) теңге, 1 871 (бір мын сегіз жүз жетпис бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 13.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.10.2023, судья Нургалиева Ж. Д., 26.10.2023

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж.Нургалиева

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 13.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.10.2023, судья Нургалиева Ж. Д., 26.10.2023

7119-23-3-1/9488